1917 жылдың қазан революциясына дейін жарық көрген еңбектердің бірі Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы» оқулығы болды. 1914 жылы Орынбор қаласында орналасқан «Дін мағишат» деп аталатын баспаханадан шыққан болатын. Аталған оқулық та қазан революциясынан кейін большевиктік биліктің ықпалына сай түзетілді. 1922 жылы және 1927 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасөзінен бастауыш мектептерінде екі жыл оқытылатын оқулық ретінде басылып шықты. Оқушыларға арналған бұл кітаптың бір ерекшелігі қазақ тіліне жаңа ұғымдар мен терминдердің қолданысы десек те болады. Міржақып Дулатұлы қолданған математикалық терминдер күні бүгінге дейін пайдаланып келеміз. Қосу мен алу, көбейту мен бөлу, ондықтар мен жүздіктер сынды ұғымдар сол еңбекте алғаш қолданысқа ие болған. Кітап Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» сынды бірнеше рет қайта басылып шыққан. Әрине алғаш шыққан оқулықтардың сапасы бүгінгі оқулықтар сынды болмаса да, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт қайраткерлерінің оның барынша заман талаптарына сай болуына көңіл бөлді. Тіпті сол жылдары араб емлесінде жазуға арналған пернетақтаның өзін табу өте қиын болды. Осы мақсатта Ағарту ісінің халық комиссары болған Ахмет Байтұрсынұлы осындай пернетақтасы бар жазу құрылғыларын алу мақсатында Қазан және Уфа қалаларында да іс-сапарда болған (Батырханова және т.б., 2019: 128). Алғаш жарық көріп, жаңадан ашылған қазақ мектептеріне берілген оқулықтар қазақ тілінде жарық көрді. Жалпы ұлт қайраткерлері оқулықтардың тіліне ерекше мән берген. Мысалы, Міржақып Дулатұлы оқушылардың бастауыш мектеп оқушыларына арналған оқулықтардың ана тілінде болуына ерекше назар аударды. Өйткені оқулықтар өз ұлтының болмысы мен ерекшеліктерін, тұрмысы мен дүниетанымын ескере отырып жазылып, оқытылғанда ғана оқушының бойында ұлттық рух сіңеді деген пікірді басшылыққа алған. Бастауыш мектепте ұлттық рухы бойына дарыған оқушылар қай елдің немесе ұлттың мектептерінде білім алса да, ұлттық рухы ешқашан жасымайтын болады деген пікірі күні бүгінге дейін өзекті деп санаймыз (Тілешов, Қамзабекұлы, 2014: 15). Сондықтан да болар өзінің «Есеп құралы» оқулығында келтірген мысалдары ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктермен тығыз байланыста беріледі. Мысалы, бастауыш сыныптарында оңға дейінгі сандарды қосу сынды мысал есептерде «асық» санау арқылы түсіндірді. Ал алу, көбейту сынды амалдарды орындауды үйретуге бағытталған есептер барысында төрт түлік малдарды мысалға келтіру арқылы үйретуге тырысты. «Есеп құралы»

еңбегінде мысал есептерде Міржақып Дулатұлы Тоқтамыс, Абылай, Бөгенбай есімдерін жиі пайдаланады. Мұның өзі тарихи сананы қалыптастыру бағытында автордың керемет шешімі болған (Дулатұлы, 2013: 113–153). Әрине автор өз кезегінде ұлттық құндылықтармен қатар, орын алған жағдайлар мен заман ағымына сай болу мәселесін де назардан шығармады. Ана тілімен қатар, оқушылардың орыс тілін де жетік меңгеру керектігін баса атап өткен. Оның себептерін заң мен мерзімді басылымдардың орыс тілінде екендігін айта келе, адамның қоғамда өз орнын табуы үшін орыс тілі қажет деп түйіндеді (Дулатұлы, 2013: 71–72). Міржақып Дулатұлының оқулығы қарапайымнан күрделіге өту принципі ерекше сақталған еңбектердің бірі. «Әуелгі онның ішіндегі сан» деп аталатын бөлімінде бірден онға дейін санау, содан соң оннан бірге қарай кейін санау, әуелгі ондықтың ішіндегі сандарды қосу, әуелгі ондықтың ішіндегі сандарды кемітуден басталады. Бұл ретте Міржақып Дулатұлы мұғалім үшін осы математикалық амалдардың белгісінің қалай жазылатындығын үйретуге дейін нұсқаулықтар береді. Қосу және алу амалдары бар мысал есептерді де балалардың жас шамасына сай етіп, қарапайым түрде бере білген. Кейіннен көбейту амалдарының орындалу жолдарын мысал есептермен беріп, қосу, алу және көбейту амалдарын тағы бір мысал есептер арқылы пысықтап, қайта бекітуге ерекше мән берген. Бөлу амалын бөлек қарастырып, осы төрт амалды тағы бір пысықтаған. Демек Міржақып Дулатұлы бастауыш сынып оқушыларының осы қарапайым математикалық амалдарды ғана емес, кез-келген тақырыптың толық бекітілгеніне ерекше мән береді. Қарапайым есептерден кейін барып қана, жүздің ішіндегі ондықтар есебіне көшеді. Сәйкесінше қайтадан жүздің ішіндегі ондықтарды қосу, алу, көбейту, бөлу амалдарын арнайы қарастырып, мысал есептермен бекітіп отыруға көңіл бөледі. Атап өткеніміздей, мысал есептер оқушылардың күнделікті өміріндегі таныс есімдер, белгілі шаруашылық түрлерінің ерекшеліктерін, ұлттық ойын түрлері сынды қазақ балаларына белгілі, қабылдауға жеңіл мысалдармен беруі сөз жоқ ұтымды тәсіл болды. Мысалы «Жоламанның 56 саулық, 35 тоқтысы бар. Ол күземнің алғашқы күні 27 саулығы мен 18 тоқтысын қыркып алды» дей келе, оқушылар үшін қыркылмай қалған түліктер санын табындар деген тапсырма беріледі. Оқушы үшін өздеріне таныс ахуалды мысал еткен мұндай қарапайым есептерді табу әрине салыстырмалы түрде жеңіл болған. Келесі екінші жылдыққа арналған «Есеп құралы» еңбегі күрделене түседі. Ендігі кезекте жүздіктер мен мың сан ішіндегі сандарды қосу, алу, көбейту мен бөлу амалдарын орындап, мысал есептері де күрделене түседі. Мысал есептерінде жекелеген мысалдарды орыс оқулықтарынан алған. Өйткені дюжина сынды сөздер аударылмастан беріледі. Керісінше кейбір сөздерді орысшадан тура аудармай, қазақшалауға тырысқан. Қазіргі таңда «Геометрия» пәнінде үшбұрыш деген пішін бар. «Есеп құралы» еңбегінде үшбұрышты «үшкіл» атауымен берген. Сонымен қатар көлемді анықтауда шаршы сантиметр және шаршы дүйім сөзін қолданады. Қазіргі таңда өлшемді білдіретін «дюйм» ұғымын Міржақып Дулатұлы қазақы «дүйім» сөзімен алмастырды. Әрине Міржақып Дулатұлы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарының өзінде оқу үдерісінің түрлі белсенді әдіс-тәсілдер негізінде оқытуға көңіл аударды. Осы мақсатта оқулықтан бөлек әр оқушы өзіне қатты қағаздан «Есеп тақтасын» жасап алуын талап етті. «Есеп тақтасы» рим сандарымен белгіленген тоғыз баған және тоғыз жолдан тұратын кесте түрінде болды. Әр баған мен жолдың түйіскен жеріне түрлі ондық, бірлік сандар жазылды. Оқушылардың есеп шығару мүмкіндіктерін арттыру мақсатында әр бағандағы сандарды қосып, шешімін жаздырып отырды. Осылайша «Есеп тақтасы» арқылы сабақтан тыс уақытта да түрлі тапсырмалар берілді. Сөзсіз Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы» еңбегі қарастырып отырған кезеңдегі зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқулықтардың бірегейі болғандығы анық. Алдағы уақытта Алаш қайраткерінің математика саласындағы бірегей бастамалары қолдауға лайық. Қазақ тарихында өз есімдерін қалдырған тұлғаларды мысал есептер барысында қолдану сөзсіз оқушылардың тарихи санасының қалыптасуымен қатар, аталған тұлғалардың есімдерін келтіру сөзсіз оқушылардың сол тарихи кезең және тұлғаларымыздың тарихтағы



орнын іштей түйсінуге түрткі болар еді деп есептейміз. Сонымен қатар ғылыми терминдерді қазақшалау барысында оқушыларға жақсы таныс сөздерге артықшылықтар беруі де құптарлық.

1922 жыл мен 1923 жыл аралығында қазақ тілінде 14 оқулық дайындалды. Зайырлы білім беру жүйесіне сай қазақ тіліндегі оқулықтардың дайындалуына Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариатының шешімдері де ықпал етіп отырған. 1924 жылдың 21 ақпанында Республиканың Мемлекеттік Ғылыми кеңесінде Мемлекеттік баспа коллегиясының 16 ақпандағы қаулысына сай бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарды баспа жоспарына енгізу көзделді. Оқулықтар мен оқу құралдары өзбек, қазақ және түрікмен тілдерінде жарық көруі тиіс болған. Мұндай оқулықтар қатарында География, Табиғаттану, бастауыш сыныптарына арналған орыс тілі оқулықтары бар. Өзбек тіліндегі оқулықтармен қатар, М. Жұмабаевтың «Бөбек» хрестоматиясы да жариялану жоспарланады (ОҚО МА. 1169-қ. 12-т. 66-іс. 54-п.). 1921 жылдың ақпан айында ұйымдастырылған жалпықазақтық оқу және ағарту конференциясынан кейін қабылданған жоспарға сай Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика», «Баланы тәрбие қылу жолдары» сынды еңбектері де жарыққа шыққан болатын.

XX ғасырдың 20-шы жылдарынан кейін қазақ тіліне қатысты Қ. Кемеңгеровтың «Оқу құралы» мен «Орысша–қазақша тілмаш» деп аталатын еңбектері жарық көрді. Сұлтанбек Қожанов та математика саласы бойынша «Есептану құралы» деп аталатын оқулығын шығарды. Бейімбет Майлин «Ересектерге арналған әліппе» атты оқулығын жазды. Осы жылдары шыққан еңбек авторлары ерекше мән берген мәселелердің бірі — ғылыми терминдерді қазақшалау болды. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруды мақсат етті. Ғылыми терминнің мағынасын тура ашатын қазақша баламасын табу ісінің оңай емес екендігін ұлт қайраткерлері ерекше атап өтті. Мағжан Жұмабаев қазақ мектептерінде педагогика сынды пән болмағандықтан осы салаға қатысты ғылыми терминдердің қазақша нұсқасын дәл табу қиын мәселе екендігін атап өтеді. Өз еңбектерінде ғылыми терминдердің орнына қазақша мақалдар мен сөз тіркестерін жиі пайдалануға тырысады (Мажитаева, Қалыбаева, 2010: 142).

Жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептерін түрлі әдістемелік нұсқаулықтар, мектеп оқулықтарымен қамтамасыз ету ісінде бірқатар ұлт қайраткерлері атсалысқан. Бұл әсіресе Ахмет Байтұрсынұлы Ағарту ісінің халық комиссары болған жылдары ерекше белсенді жүрген. Мысалы, қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарын жазу ісінде Халел Досмұхамедұлының да сіңірген еңбегі зор. Мысалы, сол біз қарастырып отырған 1922 жылдан бастап мектеп оқулықтарын жазу ісін қолға алып, «Жануарлар» мен «Табиғаттану», сонымен қатар «Адамның тән тірлігі» сынды мектеп оқулықтарын жазып шығарды. Бұл еңбектердің маңыздылығы қазақ тіліндегі биология мен анатомия, сондай-ақ зоология мен физиология сынды ғылым салалары бойынша терминдер мен ұғымдарды қалыптасуы болып табылады. Х. Досмұхамедұлының өмірі мен қызметін зерттеу ісіне өзіндік үлесін қосқан зерттеуші Ф. Әнес Алаш қайраткерінің мектеп оқулықтарын даярлау ісіне атсалысқандығы туралы бірқатар мәліметтер береді. «Адамның тән тірлігі» деп аталатын оқулығына жазған алғысөзінде Х. Досмұхамедұлының XX ғасырдың 20–30 жылдары қазақ мектептеріне қажетті оқулықтарды дайындаудағы ролі анықталған. Х. Досмұхамедұлының 1922 жылы Ташкент қаласынан «Табиғаттану» және «Жануарлар» оқулығының I және II бөлімі, 1926 жылы Қызылорда және Мәскеу қалаларынан 2–3-ші басылымдары, 1928 жылы Қызылорда мен Мәскеу қалаларынан 3-ші басылымы, 1926 жылы Ташкент қаласынан «Жануарлар» оқулығының III бөлімі, 1927 жылы «Адамның тән тірлігі» сынды оқулықтары жарық көреді (Досмұхамедұлы, 2019: 4). Аталған еңбектердің ғылыми құндылығы өте жоғары. Оқулықтарындағы нақты ғылыми түсіндірмелермен қатар, ғылыми терминдердің қазақша нұсқаларын жасап шығару ісіне зор үлесін қосқан. Бұл ретте Х. Досмұхамедұлының кәсіби біліктілігін жоғары атап өтуіміз керек. Тіл ғылымы саласының заңдылықтары мен ерекшеліктерін де Х. Досмұхамедұлы терең білген. Сол себепті өзінің еңбектерін терминдердің жаңа қазақша нұсқаларының дұрыс — бұрыстығына қатысты көптеген

пікір білдірген. Аталған оқулықтарды жазу барысында да сол ғылым салаларындағы ғылыми терминдердің қазақша баламасын дәл тауып, ғылыми айналымға қосқан. Өзінің еңбегінде «барынша нағыз қазақ сөзін алу» және «ғылым атауларын түсінікті қылуға тырысқан» (Досмұхамедұлы, 2017: 6). «Адамның тән тірлігі» оқулығына келер болсақ, аталмыш еңбекте анатомия ұғымы, адам денесіндегі элементтері мен жалпы бітімі, ұлпа, ет, қан, мүше жүйелері, сүйек жүйесі, қан жүйесі, тыныс жүйесі, өкпе, қарын, ас, өте, тері, зәр шығару жүйесі және тағы да басқа адам мүшелерінің қызметі туралы көптеген ғылыми әлеуеті жоғары мәліметтер беріледі. Бір ерекшелігі Х. Досмұхамедұлы анатомия саласының ғылыми терминдердің қазақша баламаларын беруде бірегей тәсілді қолданған. Ғылыми терминдерді қазақша ұғыммен алмастырмай, керісінше ғылыми терминдерді қазақтың бір сөзі ретінде бұрмалаған. Мысалы «Адамның тән тірлігі» еңбегінде микроскоп ұғымы «мекрескеп», элемент сөзі «элемент», доктор – «доктыр», физиология – «пизиелогие» сөздерін кездестіреміз. Сонымен қатар оқулықта саулық сақтау білімі немесе кегиене, менерал сынды ұғымдар кездеседі. «Адам денесіндегі элементтер» тарауында қышқылтуым (оттегі), сутуым (сутегі), құлар (хлор), натыр (натрий), калый (калий), мегінез (магний), паспар (фосфор) атты элементтерді атап өткен. Бір қарағанда осы саладағы ғылыми терминдерді қазақша ыңғайға бұрмалау өрескел көрінуі мүмкін. Х. Досмұхамедұлы тіл ғылымының білгірі болғанын атап өттік. Ғылыми терминдерді тура айтылуы бойынша оқулықтарға енгізген жағдайда қазақ тіліне тән дыбысталу ерекшелігі бұзылатынын жақсы түсінді. Қазақ тілінің артикуляция және акустикалық ерекшеліктерінің өзгеретіндігі анық еді. Кірме сөздерді, кірме терминдер оқулыққа сол күйінде берілсе, ол жалпыхалықтық сипат алуы мүмкін және қазақ тілінің қолданыс заңдылығы да өрескел бұзылады деп есептеген. Сонымен қатар біздің пікірімізше, ғылыми терминдерді қазақшалау барысында өте сақтық керек. Қазіргі таңда ғылыми термин немесе қарапайым кірме сөздерді адам түсіне алмайтын сөздермен алмастыруға деген әрекеттерді байқаймыз. Тіпті естігенге тұрпайы сөздер де кездесіп жататындығы жасырын емес. Осы тұрғысынан келгенде Х. Досмұхамедұлы ұстанымы дұрыс. Х. Досмұхамедұлы аталған терминдерді қазақ тілінің ерекшеліктерін ескеру арқылы қолданған. Өйткені қазақ халқы кірме сөздерді өз ыңғайларына сай етіп қолданғаны белгілі. Тіліміздегі доктыр, өкіл (укол), Ресей, Мәскеу, бөтелке, үстел, жәшік, кәмпит және тағы да басқа сөздерді қазақи нақышпен айтылып, бүгінде өзіндік мағынаға ие болды. Әрине орыс тілінен енген сөздердің өзі латын тілінен алынған. Сол доктор, физиология, анатомия сөздері латын тілінен алынған. Түпнұсқаны қазақша нақышқа келтіру ұғымдарды халықаралық мағынасынан алшақтамай қолдану дегенді білдіреді. Түптеп келгенде ол қазақ тілінің және оның заңдылықтары мен дыбысталу ерекшеліктерін сақтап қалудың кепілі болып табылады.

Х. Досмұхамедұлы өзінің еңбегінің соңында Ағарту халық комиссариаты қабылдаған ғылыми терминдерді көрсетіп, әрқайсысының анықтамасын қоса береді. Келтірілген ғылыми терминдерді саралайтын болсақ, бүгінгі күнге дейін қолданып жүрген сөздер бар. Олардың қатарында зат алмасу, мамандану, түтікше без, бүйрек қуысы, қанның қызыл түйіршігі сынды басқа да енгізген сөздері қазіргі таңдағы медицина саласында қолданыста.

Ұлт қайраткерлері арасында орыс және батыс оқулықтарын да аударып, жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептеріне қажетті оқулықтар шығару ісімен айналысқандары да болған. Мысалы, Қошке Кемеңгерұлы ақын, жазушы, драматург қана емес, ауыл шаруашылығы, химия, қазақ тілі оқулықтарының авторы, аудармашы болған. Қазақ тілі саласына қатысты 1925 жылы Мәскеу қаласынан «Қазақша-орысша тілмаш» еңбегі шығады. 1927 жылы Г.В. Архангельский құрастырған «Грамматика казахского языка» деп аталатын еңбектің редакциялығын басқарды. 1929 жылы Қызылорда қаласынан «Оқу құралы (жабыропалықтар үшін)» деп аталатын оқулығын жарыққа шығарды. «Оқу құралы» екі кітаптан тұрады. Бірінші кітап аптасына 12 сағат қазақ тілі оқылатын мектептер үшін бір жылдық оқу бағдарламасына

сай етіп жазылған. Аптасына 3–4 сағат қазақ тілі оқылатын жағдайда үш жылдық бағдарлама ретінде бөліп, үйлестіру керектігін ескертеді. Оған қоса Қошке Кемеңгерұлы өзі еңбекті үш жылдық бағдарламаға сай етіп, бөліп те береді. Қошке Кемеңгерұлы оқулық қарапайымнан күрделіге өту принципін басшылыққа ала отырып, жазған. Өзінің еңбегінде қазақ тіліндегі меңгеруге қиындық тудыратын тақырыптардың бірі тәуелдеу және есімшелердің септелу екендігін алға тарта отырып, тәуелдеу тақырыбын екінші жылға, ал есімшелерді үшінші жылға қалдырған. Қошке Кемеңгерұлы қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселесіне келгенде әр мұғалім өзінің шеберлігіне байланысты түрлі тәсілдерді пайдалана алатындығын атап өтіп, өзінің әдіс-тәсілдерімен бөліседі. Мұғалім қазақ тілін оқытудың алғашқы жылында негізінен сөйлесуге көп мән беру керектігін көңіл бөледі. Алғашқы апталарда мұғалім оқушылардың тілін жаттықтыруға арнап, қазақ тілінің дыбысталуына мән беруді үйретуі тиіс деп санайды. Бір ескертетін жайт, бұл «Оқу құралы» қазақ тілді оқушыларға арналмаған. Сол себепті сөйлесу мен қазақ тілінің дыбысталуына ерекше көңіл бөледі. Тек оқу жылының ІІ жартыжылдығынан бастап қана, кітапты оқытуды бастау керектігін атап өтеді. Оқушы кітаппен таныса бастағанда әр сөз оған мәлім болу керектігіне көңіл аударады (Кемеңгерұлы, 2005: 48).

1927 жылы Ташкент қаласынан Қошке Кемеңгерұлы редакциясын басқарған «Грамматика казахского языка» атты еңбегі жарық көреді. Аталған еңбекті құрастырған Г.В. Архангельский болғанымен, алғысөзде аталған еңбек Қошке Кемеңгерұлының оқыған дәрістерінің негізінде құрастырылды деп айтады. 1924–1925 жылдары Қошке Кемеңгерұлы Түркістан шығыстану курстарында қазақ тілінен сабақ берген. Өз кезегінде Г.В. Архангельский дәрістерді жүйелеп, тек синтаксис бөлімдеріне толықтырулар ғана енгізеді. Еңбекте жаңа сөз тудыратын жұрнақтар, етістіктерге назар аударылады. Еңбек барысында авторлар: Фонетика. Әріптер мен олардың дұрыс жазылуы; Дыбыстардың бөлінуі; Үндестік заңы; Дыбыстардың өзгеруі; Дыбыстардың түсіп қалуы; Екпін; Морфология; Фонетика; Септік; Жалғау; Сын есім; Сан есім; Есімдік сынды қазақ тілінің негізгі заңдылықтарын нақты мысалдардың негізінде қарастырады (Кемеңгерұлы, 2006: 10–78). Қошке Кемеңгерұлы жазған және редакциясын басқарған аталған еңбектер қазақ тілі мен оның оқыту әдістемесіне қатысты тың жаңалықтарға толы болды деп айта аламыз. Әрине оқулықтардың қазақ тілді мектептерінде қолданыла қоймаған да болар. Дегенмен қазақ тілінің заңдылықтарының ғылыми тұжырымдалуы мен оған деген сұранысты толыққанды өткен.

Осы ретте атап өтетін тағы бір жайттың бірі математикадан оқулық жазған авторлардың бірі Әлімхан Ермеков болып табылады. Алайда Әлімхан Ермековтің еңбегі Міржақып Дулатовтың еңбегінен бірнеше жылдан кейін ғана барып жарық көрді. Егер де Міржақып Дулатовтың «Есеп құралы» алғаш рет 1914 жылы жарық көрсе, Әлімхан Ермековтің «Ұлы математика курсы» оқулығы 1935 жылы жарық көрді. Оқулық екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде аналитикалық геометрия негіздері болса, екінші бөлімде дифференциал және интеграл негіздері қамтылған. Алайда бұл оқулық мектеп емес, жоғары техникалық мектептер, сонымен бірге техникумдарға арналған. Автор оқулықтың кіріспе бөлімінде әлі де болса математикалық терминдердің қазақша қалыптаса қоймағандығын және уақыттың тапшылығы салдарынан түрлі қателіктер болу мүмкіндігін жоққа шығармады. Оқулықты жазу барысында терминдерді қалыптастыру мен берілген есептерді орышадан аударып, жауаптарын шығаруға көмектескен Бөкейханұлы Райымжанға алғысын білдіреді (Ермеков, 1995: 280). Райымжан Бөкейханұлы Азихан Бөкейхановтың баласы.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында Қазақстандағы зайырлы білім беру жүйесіне сай келетін оқулықтар мен бүтіндей осы бағыттағы жұмыстарда өзіндік рөл атқарған тұлғалардың бірі — Сұлтанбек Қожанов болды. 1922 жылдың желтоқсан айында Түркістан Республикасы Кеңестерінің XI съезі барысында Ағарту халық комиссариатының алдағы жылы атқаратын жоспары бекітіледі. Осы жылдары тек Қазақстан ғана емес, Түркістан республикасы да белсенді



түрде зайырлы білім беру жүйесіне артықшылықтар беріп, осы бағыттағы барлық саланы дамыту ісін қолға алады. Білім саласында орын алып отырған мәселелер туралы толыққанды мәліметтерді Сұлтанбек Қожанов өзінің баяндамасында келтіреді. Мәліметтерге қарағанда Түркістан Республикасының білім саласын қолдау мақсатында жұмсалатын қаражаттың тым аз екені белгілі болады. Ол тек оқулық қана емес, сонымен қатар мектептің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту, оқуға қажетті құралдар, оқушылардың киімдері сияқты маңызды мәселелерді де қамтиды. Нәтижесінде Сұлтанбек Қожановтың баяндамасынан кейін мемлекеттік бюджеттің 30 %, ал жергілікті бюджеттің 24 % халық ағарту ісіне жұмсалатын болып шешім қабылданады (Қозғамбаева, 2020: 564).

Сұлтанбек Қожанов жалпы білім беру ісіне үлкен көңіл бөліп, білімнің қоғам өміріндегі маңыздылығына ерекше мән берді. Мысалы өзінің «Қырғыз-қазақ арасында халық ағарту жұмысы» деп аталатын мақаласында «...бір жұрттың жұрт болып сақталуы, жұртшылығын сақтай алуы, ана тіліне ие болып, ұлт мәдениеті арқылы ұлттар теңдігіне, ұлттар бірлігіне жетуі де ұлт мектептеріне байланысқан», – деп тұжырымдайды. Міне, осы тұжырымды ойын қазақ халқы үшін ең керектісі де осы ұлт мектептері екендігін атап өтеді. Ал ұлттық мектептер деген ұғымды Сұлтанбек Қожанов оқыту тілімен тығыз байланыстырған. Қазақ халқының басына сондай мәртебе түсіп, заман талаптарына сай келетін мектептері ашыла қалса, ол міндетті түрде қазақ тілінде болуы шарт деп санайды. Тым болмағанда бастауыш сыныптары қазақ тілінде болғаны дұрыс дей келе, ең бастысы мұндай бастауыш сыныптарының саны жеткілікті болғандығының маңызы жоғары болуына ерекше мән береді. Оқушылардың тегіс қазақ тілінде оқуының жағымды жақтары көп болады десе, өз уақытынан бұрын жат тілге байланып, сауатын ашса, мың қате болып сорлайды деп нақты тұжырым жасайды (Қожанұлы, 2009: 123). Алаш арыстарының тым болмағанда бастауыш сыныптарында қазақ тілінде оқуы керек деген ұсыныстары күні бүгінге дейін өзекті мәселе.

### Қорытынды

XX ғасырдың 20–30 жылдары ұлт зиялыларының қазақ тіліндегі оқулықтар даярлаудағы қызметі жоғары болды. Жарық көрген барлық оқулықтар қазақ тілді орта үшін түсінікті тілде жазылып, зайырлы білім беру жүйесінің талаптарына сай даярланды. Ғылыми терминдердің де қазақша нұсқасын жасап, қазақ тілін ғылыми тіліне айналдыру әрекеттері табысты жүрді. Түрлі пән оқулықтары арқылы ұлт зиялылары тарихи сананы қалыптастыру, сапалы білім беру мен тәрбиелілік бағыттағы міндеттерді де жүзеге асырды. Барлық жарыққа шыққан оқулықтар білім алушылардың сауаттылығын арттыруға бағытталды. Оқулықтар жалпы әдістемелік талаптарға сай жазылды. Ұлт зиялылары жазған оқулықтардың ұтымды тұсы қазақ халқының тұрмысы мен өмір сүру ерекшеліктерін ескере отырып жазылуында болды.

### ДЕРЕККӨЗДЕР

ОҚО МА – Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архиві.  
РФ МА – Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві.  
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

### SOURCES

SASKR — State archive of South Kazakhstan region.  
CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.  
SARF – State Archive of the Russian Federation.

### ӘДЕБИЕТТЕР

Батырханова, Муканов, Серикбай, 2019 — *Батырханова Ж., Муканов Г., Серикбай Б.* Иллюстрация учебников: история и современные методические принципы / Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 248 б.

- Досмұхамедұлы, 2019 — *Досмұхамедұлы Х.* Адамның тән тірлігі. Алматы: Қазақ тілі, 2019. 320 б.
- Досмұхамедұлы, 2017 — *Досмұхамедұлы Х.* Еңбектері: Бірінші том. Жан саулығы. Алматы: Арыс, 2017. 432 б.
- Ермеков, 1995 — *Ермеков Ә.* Ұлы математика курсы. Алматы: РБК, 1995. 280 б.
- Кемеңгерұлы, 2006 — *Кемеңгерұлы Қ.* Үш томдық шығармалар жинағы. 2 т. Алматы: Алаш, 2005. 336 б.
- Кемеңгерұлы, 2006 — *Кемеңгерұлы Қ.* Үш томдық шығармалар жинағы. 3 т. Алматы: Алаш, 2006. 240 б.
- Қозғамбаева, 2020 — *Қозғамбаева Г.Б.* Сұлтанбек Қожановтың ағартушылық қызметі / Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. № 2(65). 2020. 564 б.
- Қожанұлы, 2009 — *Қожанұлы С.* Шығармалары. – Алматы: Арыс, 2009. 352 б.
- Мажитаева, Қалыбаева, 2010 — *Мажитаева Ш., Қалыбаева С.Б.* XX ғасыр басындағы қазақша оқулықтардың тілі туралы / Қарағанды университетінің хабаршысы. № 2 (58). Қарағанды, 2010. 142 б.
- Дулатұлы, 2013 — *Міржақып Дулатұлы.* Алты томдық шығармалар жинағы. Том 4. Алматы: Мектеп, 2013. 344 б.
- Дулатұлы, 2013 — *Міржақып Дулатұлы.* Алты томдық шығармалар жинағы. Том 6. Алматы: Мектеп, 2013. 344 б.
- Тілешов, Қамзабекұлы, 2014 — *Тілешов Е., Қамзабекұлы Д.* Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. 528 б.

## REFERENCES

- Batyrganova et al., 2019 — *Batyrganova Zh., Mukanov G., Serikbaj B.* Iliustrasiya uchebnikov: istoria i sovremennyye metodicheskie prinsipy [Textbook illustration: history and modern methodological principles]. Qazaq kitabı: Alash qairatkerlerinin kitap basu isinn damuyna qosqan ulesi. Almaty: Qazaq universiteti, 2019. 248 p. [In Rus.].
- Dosmuhameduly, 2019 — *Dosmuhameduly H.* Adamnyn tan tirligi. Almaty: Qazaq tili, 2019. 320 p. [In Kaz.].
- Dosmuhameduly, 2017 — *Dosmuhameduly H.* Enbekteri [Works]. Vol.1. Almaty: Arys, 2017. 432 p. [in Kaz.].
- Dulatuly, 2013 — *Dulatuly M.* Alty tomdyq shygarmalar jinary [Collection of works in 6 volumes]. Vol 4. Almaty: Mektep, 2013. 344 p. [in Kaz.].
- Dulatuly, 2013 — *Dulatuly M.* Alty tomdyq shygarmalar jinary. [Collection of works in 6 volumes]. Vol 6. Almaty: Mektep, 2013. 344 p. [in Kaz.].
- Ermekov, 1995 — *Ermekov A.* Uly matematika kursy. Almaty: RBK, 1995. 280 p. [In Kaz.].
- Kemengeruly, 2005 — *Kemengeruly K.* Ush tomdyq shygarmalar zhinary [Collected works in 3 volumes]. Vol. 2. Almaty: Alash, 2005. 336 p. [In Kaz.].
- Kemengeruly, 2006 — *Kemengeruly K.* Ush tomdyq shygarmalar zhinary [Collected works in 3 volumes]. Vol. 3. Almaty: Alash, 2006. 240 p. [In Kaz.].
- Qozgambayeva, 2020 — *Qozgambayeva G.B.* Sultanbek Qozhanovtyn agartushylyq qyzmeti [S. Qozhanov's educational activities]. Bulletin of the Abai KazNPU. History and Socio-political sciences series. No 2(65). 2020. 564 p. [in Kaz.].
- Qozhanuly, 2009 — *Qozhanuly S.* Shygarmalary [Works]. Almaty: Arys, 2009. 352 p. [in Kaz.].
- Mazhitaeva, Qalybayeva, 2010 — *Mazhitaeva Sh., Qalybayeva S.B.* XX gasyr basyndagy qazaqsha oqulyqtardyn tili turaly [On the language of Kazakh textbooks of the early 20<sup>th</sup> century]. Bulletin of the Karagandy University. No 2(58). Karagandy, 2010. 142 p. [in Kaz.].
- Tilshov, Qamzabekuly, 2014 — *Tilshov E., Qamzabekuly D.* Alash qozgalysy. Ensiklopedialyq anyqtamalyq [Alash movement. Encyclopedic reference book]. Almaty: Sardar, 2014. 528 p. [in Kaz.].

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Бенхур Ч., Жолдасұлы Т.**

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАСЫ.....7

**Ван Каппел Г., Томас А.**

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ТОТАЛЬДЫ СОҒЫС: ТАБЫСТЫ АЛЬЯНС? (СЫНИ ТАЛДАУ).....16

**Қуанбай О.Қ.**

ЖАПОНИЯНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫ ЖҮЙЕ ДӘУІРІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.....26

**Нұрмұхамбетов А.А.**

XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ

ОҚУЛЫҚТАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ РӨЛІ.....41

**Ошан Ж., Бөтөнөев Ж.С.**

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВИ

ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР.....53

**Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А., Морякова М.Т.**

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЭЛИТА:

ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯҒА ДЕЙІН.....68

### ТАРИХ

**Бижигитова Қ.С. Джемпеисова Ж.М.**

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ КАЗАҚТАРЫ:

СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....84

**Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.К.**

МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ

БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....97

**Комилов Н., Қасымова, Д.Б., Байжұманова З.Б.**

«САДУАҚАСОВШЫЛДЫҚ» МӘНМӘТІНІНДЕГІ КСРО-ДАҒЫ

ТЕРГЕУ ІСІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАРЫ (1928–1938).....111

**Коньрова А.М.**

1860–1890 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....124

**Мұхатова О.Х.**

ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....138

**Ташағыл А., Мұқанова Г.Қ.**

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҒЫШ АСТАНАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....154

**Шукеева А.Т., Буканова, Р.Г. Утегенов М.З.**

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ

АУДАНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.....166

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.**

«ХАН ОРДАСЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕГІ

ҚҰДЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘЖІРИБЕСІ.....179

**Сакенов С., Бороффка Н.**

ҚОЛА ОРАҚ-ШАЛҒЫ – БУРАБАЙ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТ.....194



## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

<b>Бенхур Ч., Жолдасулы Т.</b> НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКАЯ ПРЕССА.....	7
<b>Ван Капель Г., Томас А.</b> СОВРЕМЕННОСТЬ И ТОТАЛЬНАЯ ВОЙНА: УДАЧНЫЙ АЛЬЯНС? (КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ) .....	16
<b>Куанбай О.К.</b> ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЯПОНИИ В ЭПОХУ ПОСТБИПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЫ.....	26
<b>Нурмухамбетов А.А.</b> РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ УЧЕБНИКОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	41
<b>Ошан Ж., Ботоноев Ж.С.</b> СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ, ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ.....	53
<b>Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.</b> КОЧЕВАЯ ЭЛИТА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: ОТ РАННЕГО ГОСУДАРСТВА ДО КОЧЕВОЙ ИМПЕРИИ.....	68

### ИСТОРИЯ

<b>Бижигитова К.С., Джампеисова Ж.М.</b> ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ И САМОИДЕНТИФИКАЦИИ СЕМИРЕЧЕНСКИХ КАЗАКОВ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ. ....	84
<b>Дуйсенова Н.К., Смагулов Б.К.</b> ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ.....	97
<b>Комилов Н., Касымова Д.Б., Байжуманов З.Б.</b> ПРЕДВЗЯТОСТЬ МАТЕРИАЛОВ СЛЕДСТВИЯ В СССР В КОНТЕКСТЕ «САДВОКАСОВЩИНЫ» (1928–1938) .....	111
<b>Коньрова А.М.</b> ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В КАЗАХСТАНЕ В 1860–1890-Е ГОДЫ: ИСТОРИКО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	124
<b>Мухатова О.Х.</b> ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	138
<b>Ташагыл А., Муканова Г.К.</b> СУДЬБА ПЕРВОЙ СТОЛИЦЫ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА.....	154
<b>Шукеева А.Т., Буканова Р.Г., Утегенов М.З.</b> ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ В ЦЕЛИННЫХ РАЙОНАХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	166

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.</b> ПРАКТИКА РЕКОНСТРУКЦИИ КОЛОДЦА В МУЗЕЕ-ЗАПОВЕДНИКЕ «ХАН ОРДАСЫ» .....	179
<b>Сакенов С., Бороффка Н.</b> БРОНЗОВЫЙ СЕРП-КОСА – НАХОДКА ИЗ ОКРЕСТНОСТИ БУРАБАЯ.....	194

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

<b>Benhür Ç., Zholdassuly T.</b> INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH PRESS.....	7
<b>Van Cappel G., Thomas A.</b> MODERNITY AND TOTAL WAR: A SUCCESSFUL MARRIAGE? (A CRITICAL ANALYSIS) .....	16
<b>Kuanbay O.K.</b> JAPAN'S FOREIGN POLICY IN THE POST-BIPOLAR SYSTEM ERA.....	26
<b>Nurmukhambetov A.A.</b> THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA IN THE PREPARATION OF TEXTBOOKS IN KAZAKH LANGUAGE IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY.....	41
<b>Oshan ZH., Botonoev ZH.</b> INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ) IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS.....	53
<b>Uzhkenov E.M., Shotanova G.A., Moryakova M.T.</b> NOMADIC ELITE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE: FROM THE EARLY STATE TO THE NOMADIC EMPIRE.....	68

## HISTORY

<b>Bizhigitova K., Jampeissova ZH.</b> THE PROBLEMS OF IDENTIFICATION AND SELF-IDENTIFICATION OF THE SEMIRECHYE COSSACKS IN THE LATE XIX <sup>th</sup> – EARLY XX <sup>th</sup> CENTURIES.....	84
<b>Duisenova N., Smagulov B.</b> THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S.....	97
<b>Komilov N., Kassymova D., Baizhumanova Z.</b> BIAS OF INVESTIGATION MATERIALS IN THE USSR IN THE CONTEXT OF "SADVOKASOVSHINA" (1928–1938) .....	111
<b>Konyrova A.</b> RESETTLEMENT POLICY OF TSARIST RUSSIA IN KAZAKHSTAN IN THE 1860S–1890S: HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS.....	124
<b>Mukhatova O.</b> VERNY MEN'S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT.....	138
<b>Tashagyl A., G. Mukanova G.</b> THE FATE OF THE FIRST CAPITAL OF SOVIET KAZAKHSTAN.....	154
<b>Shukeyeva A.T., Bukanova R.G., Utegenov M.Z.</b> EVERYDAY LIFE HISTORY IN VIRGIN LANDS OF THE NORTH KAZAKHSTAN.....	166

## ANTHROPOLOGY

<b>Kartaeva T., Daubaev Y., Altynbekova E.</b> THE PRACTICE OF WELL RECONSTRUCTION IN THE «KHAN ORDASY» MUSEUM- RESERVE.....	179
<b>Sakenov S., Boroffka N.</b> THE BRONZE SICKLE-SCYTHE – A FIND FROM THE VICINITY OF BURABAY.....	194

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы

2023. 10(1)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.03.2023.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК  
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй